# Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің жылдық қаржылық есебін ұсыну тәртібі, нысандары мен мерзімдері туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 442 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2639. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 ( 2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.11.22. N 161, 2009.08.24. N 84 Қаулыларымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабына, " Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) жыл сайын аудиторлық ұйым растаған, мыналарды қамтитын шоғырландырылмаған ( шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепті ұсынатын болсын:

1) 1-нысан (осы қаулының 1-қосымшасы) бойынша жасалған шоғырландырылмаған бухгалтерлік баланс (шоғырландырылған бухгалтерлік баланс);

2) 2-нысан (осы қаулының 2-қосымшасы) бойынша жасалған пайда және зиян туралы шоғырландырылмаған есеп (кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есеп);

3) 3-нысан (осы қаулының 3-қосымшасы) бойынша жасалған ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп (ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп);

4) 4-нысан (осы қаулының 4-қосымшасы) бойынша жасалған капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есеп (меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп);

5) осы қаулының 5-қосымшасында белгіленген толтыру тәртібіне сәйкес жасалған шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазба және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазба.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокерлері шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті ұсынған кезде аудиторлық ұйымның растауы тек қана шоғырландырылған жылдық қаржылық есеп үшін талап етіледі.

Шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде ұсынады. Шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері 15 мамырға дейінгі мерзімде ұсынады.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.11.22. N 161 , 2005.06.28. N 68 , 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен .

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері:

1) шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепті уәкілетті мемлекеттік органға электрондық және қағазға шығарылған түрде ұсынуды қамтамасыз ететін болсын;

2) еншілес және қауымдасқан ұйымдардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған негізде жасалған жылдық қаржылық есебінің жұмыс кестелері мен тиісті нысандарын ұсынсын;

3) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банк басқармасының 2009.08.24. N 84 Қаулысымен;

4) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банк басқармасының 2009.08.24. N 84 Қаулысымен.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.11.22. N 161 , 2005.06.28. N 68 , 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.08.24. N 84Қаулыларымен .

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына шоғырландырылған қадағалау жасау ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 28 маусымдағы N 263 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1610 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің " Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка

Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 27 тамыз - 9 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

6. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.) және Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.) осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулыға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есебін жинауды, өндеуді және жинақтауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ететін болсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары Ә.Ғ.Сәйденовке 6-тармақ бойынша және Н.Қ.Абдулинаға 5 және 7-тармақтар бойынша жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 6 желтоқсандағы
N 442 қаулысына

1-қосымша

1-нысан

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2008.07.21 N 61 қаулыларымен.

**____________________________сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының/сақтандыру брокерінің**

**200_жылғы "__"_______________жағдай бойынша шоғырландырылмаған бухгалтерлік балансы (шоғырландырылған бухгалтерлік балансы)**

(мың теңгемен)

| Баптың атауы | Ескерту | есепті кезеңнің аяғында | Өткен жылдың аяғында |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Активтер | | | |
| Ақша және ақша баламалары | 1 | | |
| Орналастырылған салымдар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 2 | | |
| Саудаға арналған бағалы қағаздар | 3 | | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 4 | | |
| "Кері РЕПО" операциясы | 5 | | |
| Тазартылған қымбат металдар | 6 | | |
| Туынды қаржы құралдары | 7 | | |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 8 | | |
| Болған, бірақ мәлімдел-меген зияндар бойынша қайта сақтандыру актив-тері (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 9 | | |
| Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтан-дыру активтері (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 10 | | |
| Аннуитет шарттары бойынша болмаған | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 11 | | |
| Мәлімденген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 12 | | |
| Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 13 | | |
| Сақтандырушылардан (қайта сақтандырушылар-дан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 14 | | |
| Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер | 14-1 | | |
| Басқа да дебиторлық берешек (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 15 | | |
| Сақтандырушыларға берілген заемдар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 16 | | |
| Болашақ кезеңдердің шығысы | 17 | | |
| Салық талабы | 18 | | |
| Мерзімі кейінге қалдырылған салық талабы | 19 | | |
| Басқа да активтер | 20 | | |
| Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | 21 | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына салынатын инвестициялар | 22 | | |
| Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны шегергенде) | 23 | | |
| Инвестициялық мүлік | 24 | | |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | 25 | | |
| Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде) | 26 | | |
| Міндеттемелер | | | |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві | 27 | | |
| Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар резерві | 28 | | |
| Аннуитет шарттары бойынша, болмаған зияндар резерві | 29 | | |
| Болған, бірақ мәлімден-беген зияндар резерві | 30 | | |
| Мәлімденген, бірақ реттелмеген зияндар резерві | 31 | | |
| Қосымша резервтер | 32 | | |
| Алынған заемдар | 33 | | |
| Қайта сақтандырушылар-мен есеп айырысу | 34 | | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу | 35 | | |
| Акционерлермен дивидендтер бойынша есеп айырысулар | 36 | | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленуге тиіс шоттар | 37 | | |
| Басқа да кредиторлық берешек | 38 | | |
| Бағалау міндеттемелері | 39 | | |
| "РЕПО" операциясы | 40 | | |
| Туынды қаржы құралдары | 41 | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Шығарылған облигациялар | 41-1 | | |
| Болашақ кезеңдердің кірісі | 42 | | |
| Салық міндеттемесі | 43 | | |
| Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 44 | | |
| Басқа да міндеттемелер | 45 | | |
| Азшылықтың үлесі | 46 | | |
| Капитал | | | |
| Жарғылық капитал (құрылтайшылардың жарналары) | 47 | | |
| Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал) | 48 | | |
| Алынып қойылған капитал (құрылтайшылар-дың жарналары) | 49 | | |
| Резервтік капитал | 49 | | |
| Алдын алу шараларының резерві | 50 | | |
| Қайта бағалау нәтижелері | 51 | | |
| Бөлінбеген кіріс (өтелмеген зиян): өткен жылдардың бөлінбеген кірісі (өтелмеген зияны) | 52 | | |
| есепті кезеңнің бөлінбеген кірісі (өтелмеген зияны) | 53 | | |
| Капитал және міндеттемелер жиынтығы | 54 | | |

2-бағанда қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында немесе қосымшаларында көрсетілген баптар бойынша ескертулер нөмірі көрсетіледі.

"Азшылықтың үлесі" жолы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде толтырылады.

Бірінші басшы ________________________ күні ___________________

Бас бухгалтер ________________________ күні ___________________

Орындаушы________________________________

Телефон___________________________________

Мөрдің орны

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 6 желтоқсандағы

N 442 қаулысына

2-қосымша

2-нысан

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

**________________________сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының/сақтандыру брокерінің 200_жылғы пайда мен зиян туралы шоғырландырылмаған есебі (пайда мен зиян туралы шоғырландырылған есебі)**

| Баптың атауы | Ескерту | Есепті кезең үшін | Өткен жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Кіріс | | | |
| Сақтандыру қызметі-нен түскен кіріс | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықа-қылары | 1 | | |
| Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтан-дыру сыйлықақылары | 2 | | |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | 3 | | |
| Сақтандыру сыйлық-ақыларының таза сомасы | 4 | | |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің өзгеруі | 5 | | |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 6 | | |
| Еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы | 7 | | |
| Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кіріс | 8 | | |
| Сақтандыру қызметі-нен түскен басқа да кірістер | 9 | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Инвестициялық қызметтен түскен кіріс | | | |
| Сыйақы алуға байланысты кіріс | 10 | | |
| оның ішінде: | | | |
| бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон/дисконт) түріндегі кіріс | 11 | | |
| орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кіріс | 12 | | |
| Қаржы активтерімен жүргізілетін операциялар бойынша кірістер (шығыстар) (нетто): | 13 | | |
| оның ішінде: | | | |
| бағалы қағаздар сатып алу/сатудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто) | 14 | | |
| "РЕПО" операциясы бойынша кірістер (шығыстар) (нетто) | 15 | | |
| Тазартылған қымбат металдармен операциялардан түскен кірістер (шығыстар) | 16 | | |
| Туынды қаржы құрал-дарымен операциялар-дан түскен кірістер (шығыстар) | 17 | | |
| Қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто): | 18 | | |
| оның ішінде: | | | |
| саудаға арналған бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер (шығыстар) (нетто) | 19 | | |
| шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) | 20 | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) | 21 | | |
| туынды қаржы құралдарын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) | 22 | | |
| Басқа заңды тұлға-лардың капиталына қатысудан түскен кіріс | 23 | | |
| Инвестициялық қызметтен түскен басқа да кіріс | 24 | | |
| Өзге қызметтен түскен кіріс | | | |
| Активтерді сатудан және активтер алудан (беруден) түскен кірістер (шығыстар) | 25 | | |
| Өзге қызметтен түскен басқа да кірістер | 26 | | |
| Кірістер жиынтығы | | | |
| Шығыстар | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар | 27 | | |
| Қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар | 28 | | |
| Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу | 29 | | |
| Регрестік талап бойынша өтем (нетто) | 30 | | |
| Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар | 31 | | |
| Сақтандыру зияндарын реттеу бойынша шығыстар | 32 | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар резервінің өзгеруі | 33 | | |
| Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 34 | | |
| Аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар резервінің өзгеруі | 35 | | |
| Аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 36 | | |
| Болған, бірақ мәлім-денбеген шығындар резервінің өзгеруі | 37 | | |
| Болған, бірақ мәлімденбеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 38 | | |
| Мәлімденген, бірақ реттелмеген зияндар резервінің өзгеруі | 39 | | |
| Мәлімденген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақ-тандыру активтерінің өзгеруі | 40 | | |
| Қосымша резервтердің өзгеруі | 41 | | |
| Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі | 42 | | |
| Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар | 43 | | |
| Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар | 44 | | |
| оның ішінде: | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығыстар | 45 | | |
| Күмәнді борыштар бойынша резервтерге арналған шығыстар | 46 | | |
| Күмәнді борыштар бойынша резервтерді қалпына келтіру | 47 | | |
| Күмәнді борыштар бойынша резервтерге арналған таза шығыстар | 48 | | |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 49 | | |
| оның ішінде: | | | |
| еңбекақы төлеу және іссапар шығыстары | 50 | | |
| Бюджетке төленетін ағымдағы салықтар және басқа да міндетті төлемдер (корпоративтік табыс салығынан басқа) | 51 | | |
| ағымдағы жалдау бойынша шығыстар | 52 | | |
| амортизациялық ақша аударымдары және тозу | 53 | | |
| Басқа да шығыстар | 54 | | |
| Шығыстар жиынтығы | | | |
| Кезең ішіндегі пайда (зиян) | | | |
| Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (зиян) | | | |
| Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайданың (зиянның) жиынтығы | | | |
| Корпоративтік табыс салығы, оның ішінде: | | | |
| негізгі қызметтен түскен корпоративтік табыс салығы | 55 | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| өзге қызметтен түскен корпоративтік табыс салығы | 56 | | |
| Салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын) | | | |
| Азшылықтың үлесі | 57 | | |
| Таза пайда (зиян) | | | |

2-бағанда қаржылық есептің түсіндірме жазбасында немесе қосымшаларында көрсетілген баптар бойынша ескертулер нөмірі көрсетіледі.

"Азшылықтың үлесі" жолы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде толтырылады.

Бірінші басшы _____________________________ күні________________

Бас бухгалтер _____________________________ күні________________

Орындаушы______________________________________

Телефон_________________________________________

Мөрдің орны

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 6 желтоқсандағы
N 442 қаулысына

3-қосымша

3-нысан

Ескерту: 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.11.22. N 161 , 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.21 N 61 Қаулыларымен .

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есебі (ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есебі)**

**200_ жылғы "____" __________ жағдайы бойынша**

(мың теңгемен)

| Баптың атауы | Ескерту* | есепті жыл | өткен жыл |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Салық салынғанға дейінгі пайда (шығын) | | | |

Ақшамен жасалмайтын операциялар баптарына енгізілген түзетулер:
Амортизациялық аударымдар және тозу 1
Күмәнді борыштардың резерві бойынша шығыс 2
Қаржы активі құнының өзгеруінен болған жұмсалмаған кіріс және шығыс 3
алынып тасталды 4
алынып тасталды 5
Ақшаға байланысты емес баптарға енгізілген басқа да түзетулер 6
Операция активтеріндегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс (шығыс)
Операция активтерінің (артуы) кемуі
Орналастырылған салымдардың (артуы) кемуі 7
Саудаға арналған және сату үшін қолда бар бағалы қағаздардың (артуы) кемуі 8
"Кері РЕПО" операциясының (артуы) кемуі 9
Қайта сақтандыру активтерінің (артуы) кемуі 10
Сақтандырушылардан (қайта сақтандырушылардан) және делдалдардан алынатын сыйлықақылардың (артуы) кемуі 11
Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістердің (артуы) кемуі 11-1
Басқа да дебиторлық берешектің (артуы) кемуі 12
Сақтандырушыларға берілген заемдардың (артуы) кемуі 13
Болашақ кезеңдер шығыстарының (артуы) кемуі 14
Басқа да активтердің (артуы) кемуі 15
Операциялық міндеттемелердің артуы (кемуі)
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің сомасының артуы (кемуі) 16
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резервінің сомасының артуы (кемуі) 17
Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резервінің сомасының артуы (кемуі) 18
Болған, бірақ мәлімденбеген шығындар

резервінің сомасының артуы (кемуі) 19
Мәлімденген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасының артуы (кемуі) 20
Қосымша резервтердің сомасының артуы (кемуі) 21
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысудың артуы (кемуі) 22
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдарымен есеп айырысудың артуы (кемуі) 23
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленетін шоттардың артуы (кемуі) 24
Басқа да кредиторлық берешектің артуы (кемуі) 25
"Кері РЕПО" операциясының (артуы) кемуі 26
Болашақ кезеңдер шығыстарының (артуы) кемуі 27
Басқа да міндеттемелердің (артуы) кемуі 28
Операциялық қызмет нәтижесінде ақшаның артуы және кемуі
Төленген корпоративтік табыс салығы 29
Салық салынғаннан кейінгі операциялық қызметтен түскен ақшаның жиынтық артуы және кемуі
Инвестициялық қызметке байланысты ақшалай түсімдер және төлемдер
Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар сатып алу (сату) 30
Негізгі құрал-жабдықтар және материал емес активтер сатып алу 31
Негізгі құрал-жабдықтар және материал емес активтер сату 32
Басқа заңды тұлғалардың капиталына салынған инвестициялар 33
Басқа да түсімдер мен төлемдер 34
Инвестициялық қызметтен түскен ақшаның жиынтық артуы және кемуі
Қаржылық қызметке байланысты ақшалай түсімдер мен төлемдер
Акциялар шығару 35

| | |
|---|---|
| Акциялардың алынып қойылуы | 36 |
| Алынған заемдар | 37 |
| Дивидендтер төлеу | 38 |
| Азшылық үлесінің өсуі (азаюы) | 39** |
| Басқа да түсімдер мен төлемдер | 40 |
| Қаржылық қызметтен түскен ақшаның жиынтық артуы және кемуі | |
| Ақшаның есепті кезеңдегі таза жиынтық өсуі және азаюы | |
| Есепті кезең басындағы ақша және ақша баламаларының қалдығы | 41 |
| Есепті кезең аяғындағы ақша және ақша баламаларының қалдығы | 42 |

______________________________________________________________

* 2-бағанда қаржылық есептің түсіндірме жазбасында немесе қосымшаларында көрсетілген баптар бойынша ескертулердің нөмірлері көрсетіледі

** Осы жол шоғырландырылған қаржылық есеп жасау кезінде толтырылады

Бірінші басшы ________________________ күні ________________

Бас бухгалтер ________________________ күні ________________

Орындаушы ____________________

Мөрдің орны

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 6 желтоқсандағы
N 442 қаулысына 4-қосымша
4-нысан

Ескерту: 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

**____________________________сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының/сақтандыру брокерінің 200_жылғы "__"_______________________жағдай бойынша капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есебі (капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есебі)**

(мың теңгемен)

| | Бас ұйымның капиталы | | | | | | Капи-талдың |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жар-ғылық | Резерв-тік | | Бөлін-беген | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | капи-тал | капи-тал | Басқа да резе-рвтер | пайда (зиян) | Бар-лығы | Азшы-лықтың үлесі | жиын-тығы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Өткен кезеңнің басындағы сальдо | | | | | | | |
| Есеп саясатын-дағы өзгеріс-тер және қате-лерді түзету | | | | | | | |
| Өткен кезеңнің басында қайта есептелген сальдо | | | | | | | |
| Негізгі құрал-жабдық-тарды қайта бағалау | | | | | | | |
| Сатуға арнал-ған қолда бар бағалы қағаз-дар құнының өзгеруі | | | | | | | |
| Ақша ағынын хеджирлеу | | | | | | | |
| Басқа опера-циялардан түскен пайда (зиян) | | | | | | | |
| Капиталдың тікелей өзінде танылған пайда (зиян) | | | | | | | |
| Кезең ішіндегі пайда (зиян) | | | | | | | |
| Кезең ішіндегі барлық пайда (зиян) | | | | | | | |
| Дивидендтер | | | | | | | |
| Акцияларды эмиссиялау (жарналар) | | | | | | | |
| Сатып алынған акциялар (жарналар) | | | | | | | |
| Ішкі аударымдар | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде: | | | | | | | |
| негізгі құрал-жабдық-тардың жинақ-талған қайта бағалауының өзгеруі | | | | | | | |
| резервтік капиталды қалыптастыру | | | | | | | |
| Басқа да операциялар | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің басындағы сальдо | | | | | | | |
| Есеп саясатын-дағы өзгеріс-тер және қате-лерді түзету | | | | | | | |
| Есепті кезең-нің басындағы қайта саналған сальдо | | | | | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау | | | | | | | |
| Сатуға арнал-ған қолда бар бағалы қағаз-дар құнының өзгеруі | | | | | | | |
| Ақша ағынын хеджирлеу | | | | | | | |
| Басқа опера-циялардан түскен пайда (зиян) | | | | | | | |
| Капиталдың тікелей өзінде танылған пайда (зиян) | | | | | | | |
| Кезең ішіндегі пайда (зиян) | | | | | | | |
| Кезең ішіндегі барлық пайда (зиян) | | | | | | | |
| Дивидендтер | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Акцияларды эмиссиялау (жарналар) | | | | | | | |
| Сатып алынған акциялар (жарналар) | | | | | | | |
| Ішкі аударымдар | | | | | | | |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| негізгі құрал-жабдық-тардың жинақ-талған қайта бағалауының өзгеруі | | | | | | | |
| резервтік капиталды қалыптастыру | | | | | | | |
| Басқа да операциялар | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо | | | | | | | |

"Бас ұйымның капиталы" және "Азшылықтың үлесі" бағандары шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде толтырылады.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасау кезінде немесе еншілес ұйымдары болмағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері 2-6-бағандарды толтырады.

Бірінші басшы ______________________________ күні________________

Бас бухгалтер ______________________________ күні________________

Орындаушы_______________________________________

Телефон__________________________________________

Мөрдің орны

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 442 қаулысына 5-қосымша

Ескерту: 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.11.22. N 161 , 2007.07.20. N 86 (2007 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қ аулыларымен .

**Шоғырландырылған (шоғырландырылмаған) қаржылық есепке түсіндірме жазбаны толтыру тәртібі**

1. Шоғырландырылған (шоғырландырылмаған) қаржылық есепке түсіндірме жазбаға мыналар кіруі тиіс:

1) есепті кезеңде активтер мен міндеттемелер бойынша болған өзгерістер;

2) есепті кезеңде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша болған өзгерістер;

3) есепті кезеңде ақша қаражаты бойынша болған өзгерістер;

4) есепті кезеңде капитал бойынша болған өзгерістер.

2. Шоғырландырылған (шоғырландырылмаған) қаржылық есепке түсіндірме жазбада мынадай ақпарат, онымен шектелмей ашылуы тиіс:

1) қауымдасқан және еншілес ұйымдардың тізімі, аффилиирлену туралы ақпарат - қарым-қатынас сипаты мен ауқымы;

2) бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы/сақтандыру брокері мен еншілес ұйымдары арасындағы өзара қарым-қатынас сипаты;

3) атауы, тіркелген елі немесе орналасқан жері, оларға қатысу үлесі, дауыс беретін акциялар үлесі көрсетілген басқа аффилиирленген тұлғалардың тізімі;

4) еншілес ұйымдарды сатып алудың немесе сатудың есепті және өткен кезеңдегі қаржылық көрсеткіштерге ықпалы;

5) бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы/сақтандыру брокері жеке қаржылық есебінде еншілес ұйымдарға инвестицияларды есепке алу үшін пайдаланылатын әдіс;

6) қауымдасқан ұйымдарға инвестицияларды есепке алу үшін пайдаланылатын әдістер;

7) еншілес ұйымның есебін шоғырландырылған қаржылық есепке енгізбеу себептері;

8) шоғырландырылған қаржылық есеп баптарына есеп беру субъектілерінің есепке алу саясатының осы баптарында қолданылатын талаптарының әр түрлі болуы себепті жасау мүмкін болмаған түзетулер;

9) жекелеген қаржылық есептердің біріктіруге, түзетуге және ауыстыруға жататын баптары, сондай-ақ шоғырландыру нәтижелері;

10) азшылық үлесін құрайтын қатысушылардың атауын, олардың еншілес ұйымдарға қатысу үлесін көрсете отырып, азшылық үлесі туралы ақпарат;

11) есеп беру субъектілерінің бірлескен қызметке қатысуы туралы ақпарат.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК